**Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп- гимназиясы**

**Орыс тілі және әдебиеті пәні әдісбірлестік отырысы**

**Хаттама №4**

Өткізілген уақыты: 28.03.2025ж

Қатысқаны : 13

**Күн тәртібінде:**

1.Сергіту сәті.

2.III тоқсан бойынша жалпы қорытынды

3. Жетістіктер -2025

4. Баяндамашы-Мирзабаева А..

5.. Түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Сөзді ӘБ жетекшісі С.Наженова алып барлық әріптестеріне сәттілік пен жігерлі болуын тіледі. Содан соң «Полиглот» атты кішкене ғана сергіту сәтін жүргізді,мұнда қойылған логикалық сұрақтарға нақты жауапты берген және берілген сөздердің аудармасын жылдам тапқан Калбирова Гулназ болды. Ары қарай III тоқсан бойынша қорытындыларды айтып өтті, ең жоғарғы пайызбен тұрған 4 сыныпқа сабақ беретін ұстаздарға жеке тапсырмалар берілді,жалпы тоқсан бойынша ағылшын тілі 68% құрайтынын айтты.

Жетістіктерге тоқтала келе Агманова Г.А.Қазығұрт ауданы Әкімінің Алғыс Хаты, Исакулова Г.М. Центр педагогического творчества и образование» I орын және Рсанова К.Б. («Центр педагогического творчества и образование» II орын )апайларға алғысын білдірді. Олимпиададан орын алып келген оқушылардың жетекшілеріне де шексіз алғысын білдіре отырып одан да биік белестерді бағындыра алатындарын тілге тиек етті.

П.А.Матекова, М.Б.Курманалиева,Г.С.Зульфиева және С.М.Наженова өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, қызықты әдістерін мұғалімдерге көрсете білді.

Әрмен қарай түрлі мәселелерді ортаға сала отырып,ой пікірлері тыңдалды.Соның бірі оқушыларды орыс тіліне баулу,қызықтыра білу болды.Жұмыла жұмыс жасауға шақырды.

Орыс тілі әдісбірлестік жетекшісі: С.Наженова.

## Әдістемелік бірлестіктің №4 хаттамасы

Өткізген уақыты: 31.03.2025 ж
Қатысқаны: 10

**Күн тәртібінде:**

1. III тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысымен таныстыру.
2. Математика пәні олимпиадасының қорытындысы.
3. Атестаттаудан өтетін мұғалімдердің жұмыс жоспарын қарастыру.
4. «Қалыптастырушы бағалау-оқушы мүмкіндігін арттыруға жол ашады»
5. III тоқсан бойынша ББЖБ,ТЖБ жұмыстарын ұйымдастырылуын талдау,есеп беру

**Тыңдалды:**

- Әдістеме бірлестігінің жетекшісі Оспанова Ж.О III тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысымен таныстырды.
- Математика пәні олимпиадасының қорытындысы бойынша:11 «А» сынып оқушысы Тухтакулова Г аудандық, пәндер олимпиадасынан III ші орын,сының жеңімпазы,10 «А» сынып оқушысы Рахимова А аудандық пәндер олимпиада орын алмады.сынан бас жүлдені иеленіп, облыстан III орын және республикалық Азия-Тынық мұхиты математикалық олимпиадасынан «номинация» иегері.8 «Ә» сынып оқушысы Нышанбек Наратан атаулы олимпиадасынан III орын осы оқушылардың жетекшілері Ж.Оразхан .5 «А» сынып оқушысы Сейдила Нұрислам бас жүлде алып облысқа жолдама алды,жетекшісі А.Калшабекова . 6 «А» сынып оқушысы Түймебай Ж аудандық олимпиададан II орын,облыстан «номинация» жетекшісі Ж Оспанова,7 «Ә» сынып оқушысы Ердан Адилет ауданнан III орын жетекшісі Г Смаилова.Бұл жетекшілерге алғыс айтып,алдағы жылы облыстан,республикадан орындар алу керектігін ескертті
- Атестаттаудан өтетін мұғалімдердің жұмыс жоспарын қарастырды.
- Отырыс соңында Б.Құралбаев «Қалыптастырушы бағалау-оқушы мүмкіндігін арттыруға жол ашады» атты баяндама оқыды. Баяндама бойынша сұрақтар қойылып, оны талқылады. (дөңгелек үстел )
- Әдісбірлестік жетекші Ж.Оспанова III тоқсан бойынша ББЖБ,ТЖБ жұмыстарын ұйымдастырылуын талдап есеп берді

**Шешімі:**

1. III тоқсан қорытындысы есепке алынып, білім сапасын көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
2. Математика пәні олимпиадасының қорытындысы бойынша А.Калшабекова марапатқа ұсынылсын.
3. Пән олипиадасына оқушыларды дайындау,дайындық жұмыстарын жүргізу пән мұғалімдеріне жүктелсін.

**Хатшы:** Г.Смаилова

Қ .Тұрсынқұлов атындағы мектеп – гимназиясының химия –биология әдісбірлестігі .

Әдістемелік бірлестіктің 4 хаттамасы 27.03.2025.

Күн тәртібінде .

1.1-3 тоқсандағы білім сапасының мониторингісі.

2.ҰБТ-ға дайындау ,байқау сынағының нәтижелерін талдау.3.Химия – биология апталығын өткізу.

4.Әртүрлі мәселелер.

Тыңдалды. Химия және биология пәндерінің 1-3 тоқсандағы білім сапасының мониторингісі бойынша әдісбірлестік жетекшісі Дуйсебекова әрбір сыныпқа талдау жасады.Химия пәні бойынша орта балл 3.78 ,ал білім сапасы 66 пайызды құрады. Биология пәні бойынша орта балл 3.98 ,ал білім сапасы 80 пайызды құрады.Алдыңғы тоқсандарға қарағанда химия мен биология пәні бойынша оқушылардың білім сапасы көтерілгенін көруге болады.

Екінші мәселе бойынша химия пәнінен Даулетова ,ал биология пәнінен Шахшанбаева оқушылардың ҰБТ –дағы көрсеткен көрсеткіштері жайлы айтып өтті.Төмен балл жинаған оқушылармен қосымша сабақтар жүргізуді қолға алу керектігін айтып өтті.

Үшінші мәселе бойынша сәуір айында өткізілетін химия мен биология апталықтарын өткізу шаралары туралы өз ойларын ортаға салды.

Білім деңгейіне қарай жаңа әдіс –тәсілдерді іздеу оқушылардың білім мен таным деңгейін кеңейтуге болатынын айтып өтті.Әдісбірлестіктің атқарған жұмыстарына оң баға беріп алдағы уақытта жақсы көрсеткіштер көрсетеміз деп қорытындылады.

Пән әдісбірлестігі қаулы етеді.

1.Оқушылармен оқу сапасын жақсарту мақсатында қосымша сабақтар ұйымдастыру.

2.Оқушыларды ББЖМ-ға және ҰБТ-ға дайындық жұмыстарды сапалы дайындау.

3.Химия мен биология апталықтарын жоғары деңгейде өткізу.

Пән әдісбірлестік жетекшісі Дуйсебекова.С

Хатшы Даулетова .Н

**Хаттама №4**

«28» наурыз 2025 ж

Қатысқандар:

Қатыспағандар:

Физика, информатика әдісбірлестік.

Күн тәртібі:

1. ІІІ-тоқсан бойынша қорытындысы
2. Мұғалім іс-тәжірибесімен (PISA, TIMSS тапсырмалары) арқылы функционалдық сауаттылыққа үйрету.
3. 9 сынып оқушыларын ББЖМ-ға дайындық жұмыстары. V-ж.ж жұмысын қорытындылау

Тыңдалды:

1-ші мәселе бойынша ІІІ-тоқсан білімі мен сапасының жұмыстарының қорытындысын ә.б. жетекшісі М.Жуманова мен пән мұғалім. жеке-жеке талқылап шықты.
физика пәні орта балл: 3,6 білім сапа: 60%.

2-ші мәселе бойынша оқушылардың функционалдық сауаттылыққа үйретудегі түрлі тапсырмалар мен әдіс-тәсілдерді пән мұғалімдері бір-бірімен талқылай отырып іс-тәжірибелерімен алмасты. ЖИ. платформаларын таныстырып өтті.

3-ші мәселе 9 сынып оқушыларын ББЖБ-ға дайындық жұмысының нәтижелерімен физика пән мұғ: Асанбай И таныстырды. Онда оқушылармен кесте бойынша дайындық жұмыстар айтып өтті.

Қаулы :

1 ІІІ-тоқсан білім сапасы мен топба жұмыс қорытындысы қанағаттандырылсын.
білім сапа мен орта балл пән б-ша ББЖБ-ға дайындық жұмыстары жалғастырылсын

Жиналыс төрағасы: [signature]

Хатшысы: [signature]

**Хаттама №**

«31» Наурыз 2025 ж

Қатысқандар: 12

Қатыспағандар: 12

Күн тәртібі:

1. III-тоқсан қорытындысын талқылау.
2. Мұғалімдердің сабаққа енуі.
3. 4-7-9-11 сыныптардан президенттік сынақ қабылдау.
4. Оқушыларды жазғы оқушылардың жазғы спорт[illegible] дайындау.

Тыңдалды:

I. III-тоқсан қорытындысын талқылау мәселесінде сөзге шыққан ұстаздар. Тоқсанда өтілген сабақтарды және мектеп ішілік спартакиадалардың толық өткенін мәлімдеме берді. Омаров Н. Сейтенов Ғ. Сәрсенбаев А. мұғалімдер болған кемшіліктерді болдырмауды атап айтты.

II. Мұғалімдер бір-бірінің сабақтарына еніп және басқа пәндерге еніп, бір-бірімен білімін жетілдіріп, пікір алмасты.

III. 4-7-9-11 сыныптардан алынатын президенттік сынамаларды өз деңгейінде қабылдауды бір-біріне қадап айтты. Сынып жетекшілерінің толық қатысын талап етуді тапсырды.

IV. Оқушылардың жазғы демалыстағы уақыттарында толық оқушыларды, түрлі спорттық шараларды өткізуін, толық өткізулерін талап етіп айтты. Оқушыларда жазғы демалысы спорттың әртүрінен жарыстар өткізуді талап етті.

Қаулы :

I. III-тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
II. Мұғалімдер өз деңгейінде сабаққа енді.
III. Президенттік сынамалар толық алынады.
IV. Оқушылардың жазғы демалысы қалыпты жағдайда өтеді.

Жиналыс төрағасы: [signature] Нұртаев Х.

Хатшысы: [signature] Дүйсебек А.

**Қ.Тұрсынқұлов атындағы мектеп- гимназиясы**

**Ағылшын тілі пәні әдісбірлестік отырысы**

**Хаттама №4**

Өткізілген уақыты: 28.03.2025ж

Қатысқаны: 9

**Күн тәртібінде:**

1.Сөз шебері......сергіту кезеңі

2.III тоқсан бойынша жалпы қорытынды

3. Жетістіктер -2025

4. Баяндама.Саткулова Н.Б.

5. Баяндама.Каширова А.Н.

6. Түрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Сөзді ӘБ жетекшісі Д.Тазабекова алып барлық әріптестеріне сәттілік пен жігерлі болуын тіледі. Содан соң «Сөз шебері» атты кішкене ғана сергіту сәтін жүргізді,мұнда қойылған логикалық сұрақтарға нақты жауапты берген және берілген сөздердің аудармасын жылдам тапқан Калбиров Ербол мырза болды. Ары қарай III тоқсан бойынша қорытындыларды айтып өтті, ең жоғарғы пайызбен тұрған 5 сыныпқа сабақ беретін ұстаздарға жеке тапсырмалар берілді,жалпы тоқсан бойынша ағылшын тілі 73% құрайтынын айтты.

Жетістіктерге тоқтала келе Наширова А(Педидея байқауынан аудан I орын,Облыс I орын) және Саткулова Н (аудандық байқау TED talks III орын )апайларға алғысын білдірді. Олимпиададан орын алып келген окушылардың жетекшілеріне де шексіз алгысын білдіре отырып одан да биік белестерді бағындыра алатындарын тілге тиек етті.

Саткулова Н (Тақ:Methods of working on texts) және Наширова А(Тақ:The Power of Teaching through Gesture and Body Movement) өз тәжірибелерімен бөлісе отырып, қызықты әдістерін мұғалімдерге көрсете білді.

Әрмен қарай түрлі мәселелерді ортаға сала отырып,ой пікірлері тыңдалды.Соның бірі оқушыларды ағылшын тіліне баулу,қызықтыра білу болды.Жұмыла жұмыс жасауға шақырды.

Ағылшын тілі әдісбірлестік жетекшісі: Д.Тазабекова